

Бекітемін

*Реф*  
Білім беру үйімі: Ақтасты ЖОБЕМ  
Сыныбы: МАД  
Сынып жетекшісі Ж.Т.Смагулова  
Балалардың жасы 5 жас  
Жоспардың күрылу кезеңі 12-16 ақпан 2023-2024 оқу жылы

### Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтерінкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды екілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата- аналарга балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алыш келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдан жақсы көретініңізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	<b>Ата –аналармен әңгіме:</b> «Дұрыс тамақтануға баулу»
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	Шарлармен жаттығулар орындау. Мақсаты: жаттығуларды орындауды. қызыгуышылығын білдіреді. (Топпен)	Дидактикалық ойын «Кімде не бар?» Мақсаты: Заттардың (шкаф, орындық т.б) аттарын дұрыс атаяй біледі.	Дидактикалық ойын "Фажайып қапшық" Мақсаты: балалар ойыншықтардың атауларын айтады.	Әңгімелесу :"Мениң ойыншығым" Мақсаты: Балалар тәрбиешінің сұрағына жеңіл сөздермен жауап береді.	Дидактикалық ойын "Атын атап бер" Мақсаты: түсі мен көлеміне қарамастан таныс заттарды таниды және көрсетеді.
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	<b>Таңғы жаттығу кешені № 9</b>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)</b>	<b>«Аспан»</b> Асапан ашық, көгілдір, Күн шуағын төгіп тұр! Қол ұстасқан біздерді, Тереземнен көріп тұр	<b>«Ақ тілек»</b> Адал жақсы ниетпен Бар адамға бақ тілеп. Жарып шыққан жүректен, Сөздің бәрі – Ақ тілек!	<b>«Сиқырлы таяқша»</b> Мен бәріңе Куаныш тілеймін! Мен бәріңе Мейірім тілеймін! Мен бәріңе шуақты күн тілеймін!	<b>«Қыс»</b> Боран соғар он жақтан, Боран соғар сол жақтан. Қар лақтырып ойнасак, Суық өтер қолғаптан.	<b>«Шана»</b> Тоңса біздің қолымыз, Колғап киіп аламыз. Сарт, сарт, сарт Алақанды соғамыз.

			Мен бәріңе көңілді ойын тілеймін! Мен бәріңе Денсаулық тілеймін!		Тоңса біздің аяғымыз Етік киіп аламыз. Топ, топ, топ Топылдатып бileйміз. Тоңса біздің денеміз Тонды киіп аламыз Зу, зу, зу Шанаменен зулаймыз
--	--	--	---	--	--

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІЭ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
<p><b>Сейлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті -</b>          Әңгімелесушіні мұқият          тыңдал, сұрақтарды          дұрыс қоюға баулу</p> <p>–Қыс мезгілінде неше          ай бар?          –Балалар, қыс          мезгілінің үш айы да          қарлы, аяз, ызғарлы          сұықпен өтеді.          –Балалар, сендер қар          қайтіп жауатынын          білесіндер ме?          –Дұрыс, қар          жапалақтап,          түйіршектеніп те          жауады.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Аяққа          арналған жаттығулар:          аяқтың ұшына кетерілу,          қолды алға созып,          жартылай отырып-тұру          (2-3 рет);          II.«Қатыш қал!» ойын          жаттығуы. Шашырап          жүру, жүгіру. «Қатыш          қал!» бұйрығы бойынша          бір орындарында қатыш          қалады.</p> <p>Топтарға білініп, негізгі          қимыл-қозғалыстарды          орындайды. Немірлері          бойынша топ болып          сапқа тұрады.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> -Сөздерді          дыбыстық талдау:          сөздегі дыбыстардың          ретін, дауысты және          дауыссыз          дыбыстарды анықтау</p> <p><b>«Сөзді аяқта»</b>          дидактикалық          жаттығуы</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Дыбыстық талдау          жасай алу дағдыларын бекіту          «Кім көп сөз ойлаң айтады?»          дидактикалық ойыны          Н дыбысынан басталатын          сөздер ойланадар, сөздерді          шапалақпен буынға бөліндер,          қанша буын атасындар.          – Нан, нар, ну, нарын,          немене, не, неге, нағыз,          Нұрлан, Нұргул, неке, нақ,          неліктен.</p> <p>– Р дыбысынан басталатын          сөз ойланадар. Кім көп сөз          ойласа, соған бір фишкадан          беріліп          отырады.</p> <p>– Радио, раугаш, рас, рет,</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> -          Белгілі образды          сомдауда          эксперимент          жасауга,          түрлендіруге          мүмкіндік беру          . Ертегі мазмұны          бойынша          сұрақтар:          – Ертегі ұнады          ма?          – Ертегі не          туралы?          – Анасы тиінді          жұмсап,          қыздарын не үшін</p>	

	<p>–Кәне, бәріміз бірге «жапалақтап», «түйіршектеніп» деген сөздерді кайталайык.</p> <p>–Балалар, кардың тусі аппақ, жер бетінде күмістей, жып-жылтыр болып жалтырап жатады. Қар – жұмсақ ұлпа</p> <p>Педагог өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын түсіндіреді.</p> <p><b>Ақпан</b></p> <p>Лебі мұздай ызғарлы, Альп келді қыс қарды. Қыскы түндер ұзарды, Ұзак күндер қыскарды. Аяз сүйіп қарсы алған, Жердің аппақ тұлғасы. Басталады қантардан, Қыс айының оргасы</p>	<p>30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруте үйретуді жалғастыру. Нұсқау – екі аяқпен ширак серпіліп, қолды алға шығарады.</p> <p>Заттардың жанында екі тізбекке тұрады.</p> <p>Топтарга ат қояды.</p> <p>Поролон текшелерден секіріп, кұрсауды айналып өтіп, таяқшаны келесі балаға алып келіп, өзі тізбектің соңына келеді.</p>	<p>айтасындар.</p> <p>Мысалы: аққа...ла, ба...ла, ба...нан, бан...тиқ, асқа...бақ, сә...біз, домбы...ра, қам...шы, балмұз...дақ, аялда...ма, дәріха...на, емха...на, балабақ...ша, бағдар...шам, қа...лам, қыза...нақ, бұл...ақ, көзілді...рік, тоңазыт...қыш, тоқыл...дақ, тер...ек, ша...тыр, ал...қа, апель...син, ау...ыл, ас...пан, қарын..дақ, кер...ует, қа...зан, шаныш...қы, ба...лық, қал...қан, қаң...бақ, қа...мыр, шал...бар, кі...лем, жү...рек, жүге...ри, жұл...дыз.</p> <p>Әр дұрыс айтылған сөзге педагог жүлдізша беріп отырады.</p> <p><b>ЕБҚЕО мен жұмыс Ә.А.Т.С</b></p> <p>Женіл сөздерге көк және қызыл түсті карандаштарды пайдаланып дыбыстық талдау жасау.</p>	<p>резенке, рең.</p> <p>Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды.</p>	<p>шакырыды?</p> <p>– Тиін үлкен қызды неге айналдырыды? Не үшін?</p> <p>– Тиін органды қызды неге айналдырыды? Не үшін?</p> <p>– Тиін кіші қызды неге айналдырыды? Не үшін?</p> <p>– Қай қыздың әрекеті ұнады?</p> <p>Рөлге бөліп ойнау.</p>
--	--	--	--	--	---


**Үзіліс: Қымылды ойындар «Әуедегі атыс»**

**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ**

**ОЙЫНДАР**





**Мен қандай адаммын ?**

**Мақсаты:** Топта жұмыс

жүргізу үшін жағымды ахуал

орнату, қарым - қатынастың белсенді стилін және кері байланыс немесе алу тәсілдерін менгеру;

Әр қатысушы езінің жағымды , жағымсыз қасиеттерін айтады . Сол бойынша қортынды жүргізіледі .




**2 - үйімдастырылған іс-әрекет**

**Ойын: «Әуедегі атыс» қымылды ойыны**

**Мақсаты:** Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қымылдау.

**Ойынның шарты:** Бұл сыйыста оқушыларды екі топқа тең бөлесіз. 1-топқа бірыңғай қызыл түс (өз қалауызыз бойынша да таңдауға болады), 2-топқа жасыл түсті урленген шар беріп, екі команданың арасын тұзу сызық етіп бормен сызып қоясыз. Музыка ырғагымен екі команда ез шарларын қарсылас команда жақта лақтыру керек. Қай топ жылдам сол женіске жетеді.

	<p><b>Қоршаган орта</b>  <b>Міндеті:</b> - Қазақстан аумагын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың ездеріне тән белгілері бойынша ажырату</p> <p><b>«Жануардың коректенір» атты дидактикалық ойынды ұйымдастырады.</b>          Балалар екі командада болінеді. Бірінші команда жануардың атауын атайды, екіншісі оның немен коректенетінін айтады. Содан кейін керісінше ойнайды. Балалар өз қалауда бойынша ұнататын жануарына ас мәзірін дайындайды (муляж немесе суреттер пайдаланады).</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> - Геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табу -</p> <p><b>Органды модельдеу</b>          Тақтада геометриялық фигуналардан бейнеленген ағаштар суреті ілінген, педагогтің үстелінде көлемді фигуналардан гимараттар салынған. Геометриялық пішіндер елінде ағаштар да ерекше пішінге ие.</p>  <p>- Ағаштардың суреттеріне қарандар. Қандай геометриялық пішіндерді көріп түрсіңдар? н сурет салу.</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Қоршаган ортадан геометриялық фигуналарға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.</p> <p>Шағын топпен жұмыс          «Затты тап» ойынын ойнайды. Балалар санамақ арқылы топтарға болінеді, топтарда талқылап, геометриялық денелерге ұқсайтын заттарды атайды. Әрбір дұрыс жауап үшін фишкa алады. Жинақтагы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, қандай заттардың оларға ұқсайтыны (осындай пішінге ие) туралы сұрайды. Фишкаларды ең көп жинаған топ жеңімпаз атанады</p>	<p><b>Қоршаган орта</b>  <b>Міндеті:</b> - Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу</p> <p><b>Міндеті:</b> Үй жануарлары мен олардың төлдері; олардың адамға әкелетін пайдасы туралы түсініктерін жинақтау</p> <p>«Кездейсок бірігу» техникасының көмегімен бірнеше топқа белінуге шақырады. Геометриялық фигуналар бейнеленген карточкаларды тарату арқылы; өтіп жатқан тақырыпқа қарай, гүлдердің, жануарлардың атауларына қарай.</p> <p>Педагог сұрақтар немесе ескертпелердің көмегімен балалардың топтагы жұмысына бағыт сілтеп отырады. Сол арқылы мәліметтерді дұрыс қабылдауға, дұрыс сөйлеуге үйретеді: Қандай дыбыс шығарады? Не жейді? Қандай пайда әкеледі? Балалардың назарын иттердің үйде және аулада өсірілетініне аударады. Үйде ұстайтын иттің астына тәсем тәселеді, ал аула иттері үйшікте жатады. Үйшіктің жанында ылғи ыдыс тұрады. Ол – иттің итаяғы. Қосымша</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Кеністік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеністікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде «Қарама-қарсы бағдарды ата» дидактикалық ойыны Педагог ұйымдастырады. Педагог кеністіктік бағдарларды атайды, ал белгі (доп, көрсеткіш, фишкa және т.с.с.) алған бала мағынасы бойынша қарама-қарсы бағдарды атайды. Мысалы, оң жақ – сол жақ, жоғары – төмен және т.б. Балаларға мағынасы бойынша қарама-қарсы сөздерді атайды. Топтық жұмыс.</p>
--	--	---	--	--	---

. мәлімет береді: әдette,  
үйшіктің касында екі итаяқ  
тұрады: біріне су, екіншісіне  
тамақ салынады. Қожайын  
итке тамақты белгілі бір  
уақытта құйып отырады.  
Сұрақтарға жауап береді:  
Иттің өзіне тән белгілері  
қандай? Сиырдың ше?  
Олардың арасында ұқсастық  
бар ма? Айырмашылықтары  
қандай?


«Не өзгерді?»  
ойны  
Педагогтың  
үстелінде бірнеше  
зат жатыр.  
Балалар бір-біріне  
катасты  
заттардың қалай  
орналасқанын  
есте сақтайды.  
Содан кейін олар  
көзін жұмады,  
осы кезде педагог  
бір немесе екі  
заттың  
орындарын  
ауыстырады.  
Балалар көзін  
ашып, қандай  
өзгерістер  
болғанын, заттар  
бұрын қайда  
турғанын және  
қазіргі түрган  
жерін айтады.  
Педагог  
балаларды  
заттардың бір-  
біріне қатасты  
орналасуын  
сипаттайтын  
сөздерді  
пайдалануға  
ынталандырады.  
Мысалы, қоян  
мысықтың он  
жағында тұрды,

ал қазір оның он.  
жағында тұр, т.б.


## Үзіліс: Аз қимылды ойындар «Жалауша»

### «Өкпені еріту» жаттығуы

Тып-тыныш дененізді бос ұстап отырыңыз .Өзінізді қаракөлеңкеде театрда отырмын деп есептеңіз Алдыңыздагы шағын сахнага ( ен жек көретін, көргіңіз келмейтін ) сіз кешіруге тиісті адамды қойыңыз. Мейлі ол сізді қазір ренжітсін , бұрын ренжітсін ,қазір өмірде бар болсын , әлде өмірден өтіп кетті ме , оған мән берменіз .Кез алдыңызға елестеткенде оның жағдайы жақсы , жүзіне күлкі үйірілген жағдайда болуы керек . Оны бақытты деп біліңіз . Бірнеше минут оның жүзін анық кез алдыңызда ұстап тұрыңыз . Сонан соң барып ол бейнемен қоштасыңыз . Сіз кешірген адам кетісімен сіз өзінізді сахнага қойыңыз. Өзінізді де тек жақсы жағдайда елестетіңіз . Бақытты , күлкі үйірілген жүзбен тұрыңыз . Бұл әлемдегі жақсылық барлығыңызға да тен жететінін үгіңіз .



### Ойын: «Жалауша»

**Ойынның мақсаты:** жарысып тез жүгіруге, қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру.

**Керекті күралдар:** ысқырық, жалауша, бор, таяқша.

#### Мазмұны.

Сыныптағы балалар санау арқылы екі командаға белінеді.Олар ойын алаңының екі шетінде қарама-қарсы сап түзеп тұрады.Ойыншылардың дәл ортасынан диаметрі 1 метрлік шеңбер сыйылады.Шеңбердің ортасына жалауша тігіледі.Жалаушаның қасында қолына ысқырық ұстаган ойын жүргізуі тұрады.

Ойынның басталуына белгі берілгеннен кейін әр команадағы бірінші тұрган ойыншылар тез жүгіріп келіп, жалаушаны алдымен алуға тырысады.Егер ала алса, ол ойыншы команда есебіне ыр ұпай қосады.

Ал шеңберге екі бала да қатар келсе, олар өте сақ болулары керек, өйткені қай ойыншыға қарсыласының қолы бұрын тисе, оның жалаушаны алуға қақысы жоқ.

Ойын осылай бірнеше рет жүріп, женіске жеткен команда анықталады.

#### Ойынның ережесі.

- 1.Ойыншылар тұрган қатарларынан бір мезетте шығуын мұқият қадағалау қажет.

2. Шеңбердің сыйығын басуға болмайды.

3. Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізуінегі беріп, ойыншылар қайтадан тұрган орындарына жүгіріп кетеді.

#### Әдістемелік нұсқаулар.

Ойын қызықты ету үшін командаларды бір тұзудің бойына тұрғызу керек. Ойын жүргізуінегін сабакқа қатыса алмайтын оқушыларды немесе арнаулы төрешілерді тағайындауға болады.

**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

	<p><b>Шыгармашылық бейнелеу әрекеті</b>  <b>Міндеті:</b> - Қаршақыздың достарымен танысып, олардың суретін сала білуге үрету  -- Кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу  - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару  - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті</b> - , - Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттай білу үрету, тақпакты жаттау «Мнемо кестесі» бойынша Мемлекеттік Елтаңбаны сипатта, сейлем кұра.  - Елтаңбада шаңырақ бейнеленген.  - Елтаңбада тұлпар бейнеленген.  - Елтаңбада жұлдыз бейнеленген.  2. Тақпак жатта. Мемлекеттік Елтаңба Елтаңбамыз – ел беті, Төрге ілінер көрнекі. Анал таққан шолпыңдай Дәп-дәңгелек, өрнекті.</p>	<p><b>Сейлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> - Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу  <b>Мақал-мәттелдер</b>  1. Қысына қарай – көктемі, Диқанына қарай – егіні. 2. Қар жауды деп куанба, Артынан келер аязы. 3. Қыс қамынды жаз ойла. Дидактикалық ойын:  «Дауыссыз дыбыстарды анықта». Ойын шарты: «Қаңтар» өлеңіндегі «мұздай», «қызғарлы», «қарлы», «тұндер», «ұзарды», «қысқарды» сездерінің ішінен дауыссыз дыбыстарды педагогтің көмегімен табу.  Мысалы:  «мұздай» сезіндегі «д» дыбысы – дауыссыз дыбыс. «Ызғарлы» сезіндегі «з» дыбысы – дауыссыз дыбыс.  Тапсырма ауызша орындалады.</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> - Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.  Педагог балаларға жұмбақ жасырады.  - Өмірдегі ең жақын, аяулы жан кім?  - Ана сөзін естігенде, ойларыңа не келеді?  - Аналарың сендерді қандай сездермен еркелетеді?  Ана – ең аяулы жан. А纳мызды сыйлас, ренжітпей журуіміз керек. А纳мыз ауырып қалса, дәрі-дәрмек беріп, күтіп, көмектескеніміз жөн. Бүгін біз ана туралы «Уш қызы»  атты татар халық ертегісімен танысамыз.  Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегінің әңгімеден айырмашылығы – ойдан, қиялдан шығарады.  Ертегінің оқып, мазмұнын</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті:</b> -- Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үрету, сейлеу мәдениетін жетілдіруү  <b>Постермен жұмыс.</b>  Педагог шағын мәтінді оқиды. Мынау – Мемлекеттік Елтаңба. Елтаңбамызда шаңырақ, күн шуақтары, тұлпар, жұлдыз бейнеленген.  Төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар. Мемлекеттік Елтаңбаның авторы – Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов.  - Мемлекеттік Елтаңбада не бейнеленген?  - Мемлекеттік Елтаңбада шаңырақ, күн шуақтары, тұлпар, жұлдыз бейнеленген.  - Мемлекеттің Елтаңбаның авторы кім?  - Мемлекеттің Елтаңбаның авторы – Жандарбек Мәлібеков, Шот-Аман Уәлиханов. Балалар жаңа сездерді және сейлемдерді,</p>
--	---	--	---	--	---



**Тіл гимнастикасы**  
**«Р»-ға тілің келе ме?**

Қаламқаска «тұр», - деші,  
 Қарындашқа «жұр», - деші.  
 «Қара қарындашты  
 Қаламқас алып тұр», - деші,  
 Ал енді өзің-ақ  
 «Р-р-р-р», - деші.

**Ойын:** «Торғайлар мен тор» кимылды ойыны  
**Мақсаты:** Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез кимылдау.  
**Ойынның шарты:** Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ алаңың ортасында қол ұстасып шенбер құрып айналып жүреді. Сол топ тор болып саналады. Екінші топ- торғайлар. Тәрбиеші торды ашындар дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын көтереді. (Қол ұстасып айналып жүреді) Торғайлар шенбердің ішіне кіреді, тез қайта шығуға тырысады. Тәрбиеші «торды жабындар» дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын түсіреді. Тордың ішінде қалып қойған балалар шенберге қосылады. Сейтіп 1-3 торғай қалғанша ойнайды.



#### 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

**Сауат ашу негіздері**  
**Міндеті:** - Түрлі ойындар арқылы балалардың алдыңғы тақырыптар бойынша алған білімдерін пысықтау

«Бір буыннан басталатын бірнеше сез» дидактикалық ойны  
 Педагог балаларды екі топқа бөледі. Педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сез күрауға жарысады.

**Музыка**  
**Міндеті:** -- Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үрету

**Музыка тыңдау:** «Бесік жыры» (Ш. Мұхамеджанов)  
 Ән айту:  
 «Бесік жыры» (И. Нұсіпбаев)  
 «Айнала ақша қар» (И. Мамақов)  
 Музыкалық-ыргақтық қимылдар:

«Қоян», «Аю» (Е. Тиличеева) Билер:  
 «Полька» хорват х.ә.

**Музыка**  
**Міндеті:** - Бесік жыры арқылы балаларды имандылықта тәрбиелеу

**Музыка тыңдау:** «Бесік жыры» (Ш. Мұхамеджанов)  
 Ән айту:  
 «Бесік жыры» (И. Нұсіпбаев)  
 «Айнала ақша қар» (И. Мамақов)  
 Музыкалық-ыргақтық қимылдар:

«Қоян», «Аю» (Е. Тиличеева) Билер:  
 «Полька» хорват х.ә.

**Дене шынықтыру**  
**Міндеті:** - Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату  
**Қимыл-қозғалыс ойны:** «Алшақ бас!».

Нұсқа – алшак адымдар тек аяғымен жақсы итерілу, қолын екпінмен дұрыс сермеу, аздал бүтілген аяқпен барынша ұзаққа сырғығандаған мүмкін болатынына басты назар аудару керек. 15 метр қашықтықта ойыншылар қанша қадам жасап жүріп өтетінін есептеп байқау.

Ойыншылар шаңғы

**Дене шынықтыру**  
**Міндеті:** - Қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту

«Ержүректілікке жаттықтыру»  
 «Бұлтқа қол жеткізу»  
 Гимнастикалық қабырғада қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп өрмелуеге

	<p>Сөз айтқан балаларға жүлдізышы беріліп отырады. Қай топ бір буыннан ең көп сөз айтады екен.</p> <p>Мысалы: (те-) те-(геш), те-(рек), те-(мір), те-(тік), көр-(пе), (ор-) ор-(та), ор-(ман), о-(рак), (өр-) өр-(мек), өр-(кеш), өр-(ле), өр-(мек-ші), өр(т), (да-) да(мыл-да), да(был), да(қыл), да(уыс), Да(риға), Да(рия).</p>	(әңдеген В. Герчик) Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Куатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Құлышақ» (С. Урбах)	(әңдеген В. Герчик) Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Куатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Құлышақ» (С. Урбах)	жолымен 15 метр жүріп өтеді. Әр аяғымен мүмкіндігінше алысқа сырғуға тырысады. Қайтадан орнына жай жүріп қайтады.	жаттықтыруды жалғастыру. Тапсырмаларды бұлжытпай орындаپ, өздерін ержүрек екендіктерін көрсетуге тырысады
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

Серуен	<p><b>Серуен-Бақылау №1</b>  <b>Бақылау:</b> Қыстап қалатын құстарды бақылау.  <b>Міндеті:</b> Қыстап қалатын құстардың түрлерімен танысты ру, қыстал қалатынқұстар туралы мәғлұмат беру. қамқор лықпен қарауга үйрету.  <b>Еңбек:</b> Құстарға жем шашу.  <b>Міндеті:</b> Қыста құстарға аштықтың қатерлігін түсіндіре отырып, оларға қамқорлықпен қарауга тәрбиелеу.  <b>Жеке жұмыс:</b> Қыс келгенде торғайым Үй алдына қон дәйім. Ойна, жүтір желкілде, Тисем саған оңбай мын.  <b>Міндеті:</b> Такқақ жаттата отырып, балалардың сөздік қорларының белсенді лігін арттыру, тіл мәдениетін жетілдіру.  <b>Қимылды ойын:</b> «Кім жылдам?»  <b>Міндеті:</b> Ептілікке, шапшаңдыққа баулу.          Балалардың бойындағы зейінділік, сезім талдық қабілеттерін дамыту.</p>	<p><b>Серуен-Бақылау №2</b>  <b>Бақылау:</b> Қарды бақылау.  <b>Міндеті:</b> Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айтуды. Қар-түсінік, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді. Ойлау қабілетін дамыту.  <b>Тақпак:</b> Аппақ көше, бар дала, Аппақ ой мен қыраттар. Ақ шатырлы қар кала, Ақ жамылыш тұр бақтар.  <b>Еңбек:</b> Ағаштар түбіне қар үю.  <b>Міндеті:</b> Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру. Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету.  <b>Ойын:</b> «Қардан тұрлі бейнелер жасау».  <b>Міндеті:</b> Ойынға қызығушылығын арттыру.</p>	<p><b>Серуен-Бақылау №3</b>  <b>Бақылау:</b> Ая-райын бақылау.  <b>Міндеті:</b> Ая-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.  <b>Еңбек:</b> «Таза алан».  <b>Міндеті:</b> Аула сыптырушиға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. Үлкендердің енбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.  <b>Жеке жұмыс:</b> Е.Өттегілеуов «Күшік».  <b>Міндеті:</b> Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру. Тақпақты мәнерлеп айтуда үйрету.  <b>Е.Өттегілеуов. «Күшік».</b>          Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ак:  <b>Ойын:</b> Абалап  <b>Ойын:</b> «Қасқыр мен қаздар».  <b>Міндеті:</b> Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.</p>	<p><b>Серуен-Бақылау №4</b>  <b>Бақылау:</b> Аязды бақылау.  <b>Міндеті:</b> Қыс мезгіліндегі күннің сұықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тонатының, үсіріп жібе руі де мүмкін екенін, сол үшін де колгап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру.  <b>Еңбек:</b> Ауладағы қарды күреу.  <b>Міндеті:</b> Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауга үлкенге көмек беруді үйрету. Қүректі дұрыс ұстауда үйрету.  <b>Кім.оійни:</b> «Сырганақ тебу».  <b>Міндеті:</b> Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын аланың әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп етуге үйрету, үлкендердің енбегіне күрметпен қарауда тәрбиелеу.  <b>Жеке жұмыс:</b> Жұмбак. Терезеге қонауды, Әсем ою ояды.(Аяз).  <b>Міндеті:</b> Жұмбак жаттату арқылы есте сактау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.</p>	<p><b>Серуен-Бақылау №5</b>  <b>Бақылау:</b> Күнді бақылау.  <b>Міндеті:</b> Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі.  <b>Қыста күннің кызуы</b> тәмендейтін туралы түсінік беру.  <b>Еңбек:</b> «Қыс қызығы».  <b>Міндеті:</b> Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын аланың әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп етуге үйрету, үлкендердің енбегіне күрметпен қарауда тәрбиелеу.  <b>Жеке жұмыс:</b> Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды.  <b>(Күн)</b>  <b>Міндеті:</b></p>
--------	--	--	--	--	---

			<p><b>Қимылдық ойын:</b> «Тымпи-тымпи».</p>		<p>Балаларға жұмбактарды жаттата отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Айгөлек».</p> <p><b>Міндеті:</b> Денені шынықтыру, шапшандыққа, ептілікке баулу.</p>
--	--	--	---	--	--

<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b></p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жакындарыңыз беріне бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ак үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жакындарыңыз беріне бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ак үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> - үйдегі жағдайда балаңың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сұрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жій оған өз мейріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>
--------------------------------------	---	---	--	---

Тәрбиелу-білім беру процесінің циклограммасы

Бекітеміш 

Білім беру ұйымы: «Ақтасты ЖОББМ»

Сыныбы: МАД

Сынып жетекшісі: Смагулова.Ж.Т

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың күрылу кезеңі 19 – 23 ақпан 2023 – 2024 оку жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтерінкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды оқілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сезсіз қабылдан жақсы керетініңді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үретулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> «Дұрыс тамақтануға баулу»
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды карау және басқалар)</b>	<b>Үстел үсті театры:</b> «Өсімдіктер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.  <b>Мақсаты:</b> қаралайым	<b>Әңгіме құрастыру</b> «Өзін жақсы қөретін гүлдерін туралы әңгімелеп бер.»  <b>Мақсаты:</b> баланың сөздік қорын туысқандарының атауларын білдіретін	<b>Ойын- жаттығу:</b> «Топтағы өсімдіктерге күтім жасау»; Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылымыс материалдарымен ойындар.	<b>Ойын:</b> «Гүлдерді тауып, оларды атап бер» Топтағы өсімдік бұрышы туралы әңгімелесу	<b>«Менің тобымдағы өсімдіктер»</b> картиналар топтамасынан суреттер қарастыру

	сұрақтарға жауап беруге үйрету.	сөздермен байыту.			
Таңертенгі жаттығу	<p>Ақпан айына арналған таңертенгі жаттыгуларды орындату.</p> <p>Музыкалық-ыргактық қимылдар.</p> <p>Тұзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шенбер бойымен жүруді дамыту.</p> <p>(Жалпы дамытушы жаттыгулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	Шаттық шенбері:  Асапан ашық, кегілдір, Күн шуагын төгіп тұр! Қол ұстасқан біздерді, Тереземнен көріп тұр	Шаттық шенбері:  «Ақ тілек»  Адал жақсы ниетпен Бар адамға бақ тілеп. Жарып шыққан жүректен, Сөздің бәрі – Ақ тілек!	Шаттық шенбері:  «Сиқырлы таяқша»  Мен бәріңе Куаныш тілеймін!  Мен бәріңе Мейірім тілеймін!  Мен бәріңе шуақты күн тілеймін!  Мен бәріңе көңілді оыйн тілеймін!  Мен бәріңе Денсаулық тілеймін!	Шаттық шенбері:  «Қыс»  Боран согар он жақтан, Боран согар сол жақтан. Қар лақтырып ойнасак, Суық өтер қолғаптан.	Шаттық шенбері:  «Шана»  Тонса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз. Сарт, сарт, сарт Алақанды согамыз. Тонса біздің аяғымыз Етік киіп аламыз. Топ, топ, топ Топылдатып билейміз. Тонса біздің денеміз Тонды киіп аламыз Зу, зу, зу

					Шанаменен зулаймыз
<b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b>					
<b>Мектепке дейінгі үйим кестесі бойынша ҰІӘ</b>	<b>Сойлеуді дамыту</b>  Міндеті Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу  Мақсаты Көліктер, олардың түрлері туралы түсінік беру  –Суда жүзетін қандай көлік түрлерін білесіндер?  –Кемеде матростар жұмыс істейді, оларды капитан басқарады.  –Кемелер жұзу үшін не керек?  Педагог ыдысқа су құйып, қағаз кемені суга	<b>Саяат ашу негіздері</b>  Міндеті Сөзге дыбыстық талдау жасау дагдыларын жетілдір  Мақсаты дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау  Дидактикалық ойын «Үйшігін дұрыс тап»  – Балалар, мен сендерге суретті карточкалар таратып беремін, сендер карточкадағы суретті атасындар. Сол сөз дауысты дыбыстан басталса, тақтада тұрған	<b>Саяат ашу негіздері</b>  Міндеті Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау  Мақсаты дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау  Дидактикалық ойын: «Бұныға бел»	<b>Саяат ашу негіздері</b>  Міндеті: Сөйлем құрай білудерін, сөйлем сыйбасын сыза білудерін жетілдіру  Мақсаты Суреттер бойынша сөйлемдер құрай білу  . – Мен сендерге сөздің ең соңғы буынның айтпай аяқталмаған сөздер айтамын сендер соңғы буынды қосып сөзді аяқтап қайтадан айтасындар.	<b>Көркем әдебиет</b>  Міндеті - Сөйлегенде мақал-мәттедерді қолдануға баулу  Мақсаты: Ертегіні баяндауда эпитет, тенеу сөзді қолдануға үйрету  Мақалдың мағынасын түсініп ал.  Берместің асы піспес, Қазаны оттан түспес.  Мақалдың мағынасын педагог ешкімге өзінің асынан татқызбайтын, дайын тамақты ешкімге бермейтін адам

	<p>жібереді.</p> <p>–Кеме не үшін керек? Кеме тез жұзу үшін үрlep толқын жасайық. Енді кемеге ат қояйық. Өзімізді кемеде отырмыз деп елестетейік те, Ермек Өтетілеуұлы ағамыздың «Кеме» өлеңінмен танысамыз. Өлеңді мәнерлеп оқып береді.</p> <p>Міне, Кеме, Мінем, Мен де.</p> <p>Сапарға алыс шығамын, Теніз сырын ұғамын. Жолсеріктей, жан достардай бізден қалмай, Шагалалар шаршамастан шарқ ұрады: Сағымданған, бұлдыраган түзде шалғай.</p> <p>Кемемізді жагалаулар шақырады</p>	<p>қызыл үйшікке, ал дауыссыз дыбыстан басталса, көк үйшікке саласындар.</p> <p>Балалар жеке-жеке түсіндіріп, суреттерді өз үйшіктеріне салады.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Кері сөзді ата»(доппен)</p> <p>– Балалар мен сендерге допты лактырып сөз айтамын, сендер сол сөзге кері сөзді тауып айтасындар да, допты кері лактырасындар.</p> <p>Мысалы: жаман-жақсы, ақ-қара, ақылды-ақымак, білімді-білімсіз, қайрымды- қайрымсыз, биік-аласа, жылады-құлді, отырды-тұрды, ашты- тәтті, жапты-ашты, кір- шық, таза-лас, ыстық-сүйк, көрікті-көріксіз, жұмды-ашты, қатты-</p>	<p>сендер суретті атап, атуын шапалақпен буынга бөліндер.</p> <p>Мысалы: жа-пы-рак, жү-зім, ке-ру-ет, тү-йе, та-бақ, ке-рік, пи-яз, ө-рік, жыл-қы, ши-е, мы-сық, а-ғаш, ал-ша, қа-ла, үс-тел, шал- ма, тек-ше, те-ре-зе, са-ғат, са-ғызы, қой, қо-ян,</p> <p>түл-кі, піл, ке-се, ша-ныш-қы, ти-ін, и-не, пи-ма, ли-мон, ал-мұрт, қар-быз, қа-lam, ше-лек,</p> <p>қы-за-нақ, а-рыс-тан, жол-ба-рыс, тас-ба-қа, ба-қа, қай-мақ, ке-бе-лек т.б.</p>	<p>ба..ла, ба..нан, бан..тик, асқа..бақ, сә..біз, домбы..ра, қам..шы, балмұз..дақ, аялда..ма, дәріха..на, емха..на, балабак..ша, бағдар..шам, қалам...сап, қыза..нақ, бұл..ак, көзілді..рік, тоңазт..қыш, тер..ек, ша..тыр, ал..ка, апель..син, ау..ыл, ас...пан, қарын..дақ, кер...ует, қа..зан, шаныш..қы, ба..лық, қал..қан, қан..бак, қа..мыр, шал..бар, кі..лем, жу..рек, жүге..рі, жұл..дыз.</p> <p>Әр дұрыс айтылған сөзге педагог жүлдізша беріп отырады. Ойын сонында жүлдізша саналып, женімпаз анықталады.</p>	<p>деп түсіндіреді.</p> <p>Ойын-жаттығу: «Өз көніліңмен бөліс».</p> <p>– Балалар, біз Алдаркесені көргенде не істейміз? (Куанамыз)</p> <p>– Ал сараң бай Шығайбайды көргенде не істейміз? (Ашуланамыз)</p> <p>Педагог ертегіні музыкалық театр арқылы сахналауды ұсынады. Ертегі кейіпкерлері бойынша рөлдерге бөледі. Басқа балалар көрермен болады. Музыкалық театр аяқталған соң көрермендерге бас иеді. Көрермендер қол шапалақтайды</p>
--	---	--	--	---	--

		жұмсақ, ұзын-қысқа, жалпақ-жіңішке т.б.			
--	--	--	--	--	--

**Үзіліс:**

<b>Қимылды ойын:</b> <b>«Күн мен түн»</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларды ептілікке,	<b>Қимылды ойын: «Көги-гөк»</b> <b>Мақсаты:</b> Шапшандыққа, ептілікке баулу.  <b>Ойын мазмұны:</b> Тақпақ айтып, бір қызды «кемпір» етіп сайлайды. Қалғандары қаз болады. «Кемпір» шетке	<b>Қимылды ойын:</b> <b>«Аққу-қаздар»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды шапшандыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.
--	---	--

жылдамдыкка, ажыратуга баулу.

#### Ойын мазмұны:

Балалар бірі «Күн», екіншісі «Тұн» тобы болып екіге белінеді. Олардың бір-бірінен белек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттыгулар жасап тұрады. Тәрбиеші «Күн» деп белгі берген кезде, сол тоptың балалары үйіне жеткізбей қызып жетулері керек. Колға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сейтіп, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Кеп бала ұстаган команда женіске жетеді.

шығып тұрады, басқа ойыншылар қаздай тізіліп, бірінің соңынан бірі ұстап:

Гек, гек, көги көк,

Гек, гек, көги гек.

Гек, гек, көги гек,-деп қаздың жүрісіне еліктей ақырын он мен солға шайқалып, «кемпірдің» қасына келеді.

Бірінші келген балаға беріп: «Жоғалтпандар!»-деп тапсырады.

Балалар айнала жүріп, қайтадан қаздай тізіліп «кемпірге» келеді.

«Кемпір»

Әлгін қайда?

Қалды сайда!-деп сұрайды.

Балалар бәрі бірдей.

Әлгін қайда?-

Қалды сайда!-деп жауап береді. Олай болса сендердің бірінді алып қаламын, деп «кемпір» балаларға бас салады. Балалар тізбегін жазбай қаша жөнелуі керек. Колға түскен біреуін «кемпір» қасына алып қала береді. Ойын барлық балаларды түгел ұстап болғанша қайта жалғаса береді.

**Ойын мазмұны:** Аланың бір шетіне қаздар тұратын үй белгіленеді, қарсы шетіне бақташы тұрады. Үйдің бір жақ бүйірінде қасқыр тұратын үнгір болады.

Аланың қалған жері жайылым болады. Бақташы қаздарды жайылымға қызып шыгады, олар жайылып жүреді.

**Бақташы:** Қаздар, қаздар, қанқылдал,

Барасындар қай жаққа.

Қаздар: Айна көлі жалтылдал,

Жатқан жасыл аймаққа.

Бақташы: Біздің жерге түсе кет,

Түсіп сусын іше кет.

Қаздар: Сіздің жерге түсеміз

Түсіп сусын ішеміз.

Бақташы: Болсын онда жол жайлы!

Қаздар: Бізге ол жаққа болмайды,

Жолды тосып тұр сұр қасқыр.

Бақташы: Олай болса, қалаган,


Жақтарыңа бар аман.

Қаздар қанаттарын жайып, жайылым арқылы үйлеріне үшады, ал қасқыр үнгіршек жүгіріп шығып, оларды ұстауга тырысады. Ұсталған қаздар қасқырдың үнгіріне

		карай жүреді. Бірнеше рет жүгірістен кейін қасқырдың ұстаган қаздарғын санайды. Ойын 3-4 рет қайталанады.
--	--	---

## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Көршаган орта	Математика негіздері	Математика негіздері	Математика негіздері	Көршаган орта
<p><b>Міндеті:</b> - Жануарлардың тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату</p> <p><b>Мақсаты</b></p> <p>Табигатты бағалай білуге, оған адамгершілік қарым-қатынас жасауға үрету</p> <p>«Ой-пой-пой» дидактикалық ойны.</p> <p>Педагог мынадай жағдайларды мысалға келтіреді:</p>	<p><b>Міндеті:</b> - Қозғалыс бағыттары: сол жақтан он жаққа, он жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа -</p> <p><b>Мақсаты :</b> Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеуді дамыту</p> <p>-</p> <p>. Топпен жұмыс: Санамақ арқылы балалар топқа бөлінеді. Балалардың әрқайсысында өрнекті сурет (алаша) бар.</p> <p>Ойын жаттығуы. «Өз өрнегін туралы айтып бер». Балалар пішіндерді қарап, олардың орналасуын атауы тиіс</p>	<p><b>Міндеті:</b> Қеністікте және қағаз бетінде бағдарлау білімін қалыптастыру</p> <p><b>Мақсаты:</b> кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау білімін қалыптастыру.</p> <p>«Суретті тап» дидактикалық ойны</p> <p>Карточкалармен жұмыс ұсынады:</p> <p>Әрбір топта суреттері бар карточкаларды қарандар.</p> <p>Одан кейін, мысалы, он жақтағы жоғарғы</p>	<p><b>Міндеті Қағаз бетінде (жогары, төмен, он жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуга үйрету</b></p> <p><b>Мақсаты</b> кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау білімін қалыптастыру.</p> <p>1-тапсырманы орындауды ұсынады.</p> <p>Суретке қарайды. Сөреде тұрган ойыншықтардың орналасуын айтады.</p> <p>- Маймыл қандай середе отыр? ( Он жақтағы жоғарғы.)</p> <p>- Оның жанында</p>	<p><b>Міндеті:</b> - Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, андар, жәндіктер, топтастыру <b>Мақсаты</b>)</p> <p>Балалардың балықтар, бақалар мен су жәндіктері 1</p> <p>және олардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту</p> <p>суқоймасы мен оны мекендейтіндердің суреті мүкият қарап шығуды сұрайды.</p> <p>Балалардан суқоймаларында тіршілік ететін балықтар, бақалар мен</p>


<p>Үй жануарлары орманда тіршілік ете алады. Адам үй жануарларын бағады. Шошқа бағушы жылқыга күтім жасайды.</p>		<p>бұрышта орналасқан суретті көрсетуді (фишкамен жабуды) ұсынады. Жаттығу бірнеше рет қайталанады. Мұкияттында, заттардың орналасуын атайды. Карточкаларды қарайды. Педагогтің нұсқауы бойынша іс-киммел жасайды</p>	<p>қандай заттар бар? (Бұл сөреде басқа заттар жок.)</p> <p>– Кітаптардың үстіндегі жағында, астынғы жағында нелер тұр?</p>	<p>жәндіктер турали қызықты фактілер айтып берулерін етінеді.</p>
<p>Жылқыларга арнап жылқы қора салады. Сіздерге бүтінгі ҮОҚ ұнады ма? Балалар ойынга қосылады. Егер балалар педагогтің айтқанымен келіссе: «Ой-пой-пой, дәл солай!» – деп жауап береді. Егер келіспейтін болса: «Ой-пой-пой, олай емес!» – деп жауап береді.</p>	<p>Балалар топтасып жұмыс істейді. Орнектің элементтері қалай орналасқаны турали айтады: оң жақтағы жоғарғы бұрышта – доңгелек, сол жақтағы жоғарғы бұрышта шаршы, сол жақтағы төменгі бұрышта – сопақша, оң жақтағы төменгі бұрышта – тіктөртбұрыш, ал ортада үшбұрыш орналасқан</p>	 <p>Талқылап, сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Жоғары – төмен, оң жақ – сол жақ сөздеріне сұрақ күрастыру.</p> <p>Педагог балалардан досының сұрақтарына жауап беруін сұрайды.</p>	<p>Балалар педагогтің жетекші сұрақтарының көмегімен суда балықтар, бақалар мен жәндіктер тұратынын айтады. Балық – суда тіршілік ететін жануар. Оның денесі қабыршақлен қапталған. Олар тек қана суда тіршілік етеді. Балықтар су астында желбезегінің көмегімен тыныстаиды. Судағы ауа да ерекше. Суда тіршілік ететін бақалар да, жәндіктер де ондағы ауаны «аулауга» әбден үйренген. Ал, мысалы, жүзгіш қоныз ауа көбіршіктерін кеуде қуысына салып алып, сұға сұнгиді.</p> <p>Сүкйомаларын мекендейтіндердің де пайдасы көп. Олар суды тазартады, оның мелдір болуына ықпал етеді, курап қалған</p>

					<b>өсімдіктерді жейді, судың түбін тазалайды</b>
<b>Үзіліс:</b>					
<p><b>Қимылды ойын:</b>  <b>«Шарлармен алмасу»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.</p> <p><b>Ойын мазмұны:</b></p> <p>Балалар орындықтарда дәңгеленіп отырады. Тәрбиеші қатар отырған екі балаға бір-бірден шар береді де ары қарай басқаларға ауыстырады ( біреуі онға, біреуі солға ұсынады ). Шарлар бір-бірімен екі жақтан кездескенде балалар « Соқтығысты » деген сезбен оларды соқтықтырады. Одан кейін балалар орындарынан тұрып, дәңгелекті айналып, қарсы жаққа барады, қалғандары орындықтарынан тұрып: « Жүгірдік, жүгірдік...» деп дауыстайды. Балалар өз орындықтарына жүгіріп келіп: « Ол шарды басқа балаларға береді де ойын қайталанады.</p> <p>Бұл ойынды даладагы сазды аланда өткізуге болады, онда балалар көк шөптің үстінде отырады</p>				<p><b>Қимылды ойын:</b>  <b>«Кішкене өзен арқылы »</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу</p> <p><b>Ойының шарты:</b></p> <p>Ойынга бір топ (6-8 адамнан) бала тартылады. Аланда бір-бірінен 1,5-2м қашықтықта екі сызық сызылады. Бұл өзен.</p> <p>Ойнаушылар сзызытың жанында-өзеннің жағасында тұрады. Олар өзеннен анық сзызылған дәңгелектер арқылы аяғын суламай, тастан-тасқа секіріп өтуі керек. Дәңгелектердің арасының қашықтығы балалардың оларға бірінен-біrine секіре алатындей болуы керек. Өзеннен қатарынан 2-3 бала өтеді, ал қалғандары тәрбиешімен бірге оларды бақылап тұрады. Секіре алмай, аяғын сулап алғандары оны күнге кептіруге кетеді-орындыққа отырады. Кейін олар ойынға қайтып араласады, тәрбиеші оларды қалай болса да мақтап, жағаның екінші жағына өтуге көмектеседі.</p>	

### **3 - үйімдастырылған іс-әрекет**

Қазақ тілі	Қазақ тілі	Сейлеуді дамыту	Көркем әдебиет	Шығармашылық бейнелеу әрекеті
Міндепті: , Сөздерді жіктеп, тәуелден, септеп қолдана білу	Міндепті - Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тақпақ жаттау,	Міндепті: Зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру	Міндепті: - Айналасында больш жаткан оқигаларға өзінің көзқарасын білдірге кулшынысын дамыту	Міндепті: – балалар бойында байқағыштық, қысқы табигат құбылыстары әрекшелігін сезіне білуге үйрету
Мақсаты Нұр- Сұлтан қаласы туралы сөйлем құрап айтуга үйрету.	Мақсаты Нұр-Сұлтан қаласы туралы сөйлем құрап айтуга үйрету.		Мақсаты . ертегіні ым- ишарамен сақналауға дағдыландыру	-- Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұтырга орналастыру
Нұр-Сұлтан қандай қала?  – Нұр-Сұлтан – астана.	Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).  Ә-ә-ә-ә – бә-ә-ә й-те-рек – бәйтерек.	Мақсаты Өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын түсіндір	Алдаркөсөнің басынан кешкен бір оқигасы туралы қызықты ертегімен тәнисамыз.	- Қайши мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сакта
Күйршақ Сәуле: Мен сендерге Нұр- Сұлтанның көрікті орындарын көрсете аламын.	I -i-i, іс, ін, іні, іш-кіш – мынау – ескерткіш.  Ойын: «Жалғастыр». Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталau.	Педагог өлең мазмұнын сұрақ қою арқылы сұрайды.  –Өлең не туралы?  –Кемеге жол серік – деп нелерді айтып отыр?	Алдаркөсіе кулығымен, айласымен адамдарға жақсылық жасап, көмектесіп отырған. Ол әрдайым ән айтып, көңілді жүреді.  Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін еске түсіру. Ертегіде шындық пен қиял- ғажайып	- Дайын үлгілермен және қарапайым сыза бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану
Интербелсенді тақтада көрсету.  Нұр-Сұлтан – біздің астана. Мынау – Нұр-Сұлтан қаласы.  Мынау – көше.  Астанада көшелер	Қа...(қала)  Кө... (көше)  Та... (таза)  Нұр-Сұлтан – жаңа...	–Алыс шалғайда не көрінеді?  –Енді осы өленді сүретке қарап отырып, қайталап жаттап алындар.	окига аралас келіп отырады. Қиялдан туындаиды.  Педагог «Шықбермес Шығайбай» ертегісін оқып береді  Ертегі мазмұны бойынша	Мақсаты қысқы табигатты салу, мүсіндеу, жапсыру, қы-

	<p><b>көп.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Кеше таза.</li> <li>Кешелер таза.</li> <li>– Мынау – үй. Үй – үйлер.</li> <li>– Биік үй. Биік үйлер.</li> <li>– Әдемі үйлер.</li> <li>– Мынау – Бәйтерек. (Түсінік беріледі).</li> <li>Бәйтерек әдемі.</li> <li>Мынау – ескерткіш.</li> <li>Мынау – үш би ескерткіші.</li> <li>Нұр-Сұлтан – жаңа қала.</li> <li>Нұр-Сұлтан қандай қала екен? (Балалар «әдемі», «таза», жаңа сөздерін қолданып, жауап береді).</li> <li>Нұр-Сұлтан – жаңа</li> </ul>	<p>(Нұр-Сұлтан – жаңа қала.)</p> <p>Нұр-Сұлтан – ... ( Нұр-Сұлтан – таза қала. Нұр-Сұлтан – әдемі қала.)</p>	<p>айтылды? Педагог еki тілде аудармаларды айтЫП өтеді.</p> <p>Сөздік жұмыс.</p> <p>Бұл жердегі «Сагымданған, бұлдыраған түзде шалгай» деген өлең жолдары «өте алыста, кез ұшында» деген мағынада</p> <p>Ойын шарты: Суреттегі көлік түрлерінің жолдарын салу. Құрлықта жолмен жүретін болса астына жол, аспанда ұшатын болса бұлттар, суда жүзетіндерге көл салып беру керек.</p>	<p><b>сұраптар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Ертегі үнады ма?</li> <li>– Ертегі қалай аталады?</li> <li>– Шықбермес Шығайбай қандай адам?</li> <li>– Алдаркесе Шығайбайды алдау үшін қандай құлық ойлап тапты?</li> <li>– Алдаркесе жабықтан сығалағанда не көрді?</li> <li>– Алдаркесе үйге кіргенде, үйдегілер қандай әрекет жасады?</li> <li>– Шығайбай Алдаркеседен не туралы сұрады?</li> <li>– Алдаркесе не деп жауап берді?</li> </ul>	<p><b>растыру</b></p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>
--	---	--	--	---	--

	қала. Нұр-Сұлтан – әдемі, таза қала			
<b>Үзіліс: . Секіруге арналған қозғалмалы ойны: «Сызықтан секіру»</b>				
